

**\* Тақырып 3. Валюталық курс  
– валюталық жүйенің негізгі  
элементі**

- \* **Валюталық курс** - шетел ақша бірліктерінде немесе халықаралық валюталық бірліктерде айқындалған, бір елдің ақша бірлігінің «бағасы».
- \* Валюталық курс валюталық жүйенің маңызды элементі болып табылады, өйткені халықаралық экономикалық қатынастардың дамуы әр түрлі елдердің валюталарының құндық қатынасын өлшеуді талап етеді.

## \* Валюталық курс келесілер үшін қажет:

- \* капиталдар және кредиттердің қозғалысында, тауарлармен, қызметтермен саудада валюталарды өзара айырбастау кезінде. Экспортер сатудан алынған шетел валютасын ұлттық валютаға айырбастайды, өйткені бір елдің валютасы екінші елдің аумағында заңдық сатып алу және тұтыну құралы ретінде айналысқа түсе алмайды. Импортер шетелде сатып алынған тауарлар құнын төлеу үшін ұлттық валютаны шетелдік валютаға сатады. Борышқор сыртқы займдар бойынша қарызды және пайызды төлеу үшін ұлттық валютаға шетел валютасын сатып алады;
- \* ұлттық және әлемдік нарықтар бағасын салыстыру үшін, сондай-ақ ұлттық немесе шетел валюталарында айқындалған әр елдің құндық көрсеткіштерін салыстыруға;
- \* банктер және фирмалардың шетел валютасындағы шоттарын жүйелі түрде қайта бағалауға.

## \* Валюталық курсты реттеу теориялары:

- \* А) Сатып алу қабілеттілігі паритетінің теориясы  
- сатып алу қабілеттілігі паритеті валюталық курстарды анықтау үшін қолданылатын негізгі ұғым болып табылады, (purchasing power parity — PPP), оны анықтау үшін «бірдей баға» атаулы заңды қолданады: *бір елдегі тауардың бағасы басқа елдегі тауардың бағасына тең болуға тиіс; ал бұл бағалар әртүрлі валютада көрсетілгендіктен, осы бағалар арақатынасы бір валютаның басқа валютаға айырбастау бағамын анықтайды.*

\* Б) Реттелетін валюта теориясы - **бірінші** бағыты (Дж. М. Кейнс) - ақша бірлігін алтын паритетін маневрлеу жолымен тұрақтандыру; **екіншісі** (И. Фишер) - валюта бағамы ұлттық экономиканың тепе-теңдік жағдайына сәйкес.

В) Маңызды валюталар теориясы. (Дж. Вильяме, А. Хансен, Р. Хоутри, Ф. Грэхем и др.) - валюталардың маңыздыларға бөлінуі (доллар мен фунт стерлингов), тұрақты («ондық топ» елдерінің валюталары) және ХЭҚ белсенді рөл атқармайтын жұмсақ валюталар (доллар «алтыннан да күшті»).

**\*Г) Бекітілген паритеттер мен курстар теориясы. (Дж. Робинсон, Дж. Бикердайт, А. Браун, Ф. Грэхем) - валюта бағамының өзгеруі - бұл төлем балансын реттеудің тиімсіз құралы, өйткені сыртқы сауда курстық арақатынастарға байланысты бағалардың тербелуін сезініп үлгермейді. Бұл Бреттон-Вудстық валюта жүйесінің негізіне жатты.**

**\*Д) Қалқымалы валюта бағамдары теориясы -** қалқымалы валюта бағамдар режимінің бекітілгенмен салыстырғандағы артықшылықты болғанын негіздеуіне сүйенеді: төлем балансын автоматты түрде теңестіру; сыртқы қысымсыз ұлттық экономикалық саясат әдістерін азат түрде таңдау; валюталық алып сатарлықты тоқтату; дүниежүзлік сауданы ынталандыру; валюта нарығы мемлекеттің қоятын валюталардың курстық арақатынасынан жақсы.

**\*Е) Валюта бағамының нормативтік теориясы -** валюта курсы экономиканы реттеудің қосымша құралы ретінде, халықаралық органдармен қойылған паритеттер мен келісімдерге негізделеді.

- \* Ұлттық ақша бірлігін шетел валютасында бекіту валюталық котировка деп аталады. Ол тікелей және кері (жанама) котировка деп бөлінеді.
- \* Тікелей котировка — бұл шетел валютасының ұлттық нарықтағы бағасы. Ол бір котировкаланатын валютаға қанша өлшеуіш валюта келетінін көрсетеді.
- \* Кері (жанама) котировка ол бір өлшеуіш валютаға қанша котировкаланатын валюта бірлігі келетінін көрсетеді.



- \* Бір валютаның екінші валютаға қатысты курсы үшінші валюта арқылы анықтауға болады. Бұл жағдайда ол **кросс-курс** деп аталады.
- \* Валюта бағамының деңгейін бақылау кезінде екі бағамды бекітеді:
  - \* • *Сатушы бағамы* (ол бойынша банк валютаны сатады);
  - \* • *Сатып алушы бағамы* (ол бойынша банк валютаны сатып алады).
- \* Олар әртүрлі болады, өйткені онда валюта операциялары пайда алу құралы болып саналады. Осы бағамдар арасындағы айырма **маржа** болып табылады.

## \*Бағамды қою әдісі

- \* Сатып алу қабілеттілігі паритеті валюталық курстарды анықтау үшін қолданылатын негізгі ұғым болып табылады, (purchasing power parity – PPP), оны анықтау үшін «бірдей баға» атаулы заңды қолданады: *бір елдегі тауардың бағасы басқа елдегі тауардың бағасына тең болуға тиіс; ал бұл бағалар әртүрлі валютада көрсетілгендіктен, осы бағалар арақатынасы бір валютаның басқа валютаға айырбастау бағамын анықтайды.*

Мысалы **Pd** — белгілі тауардың ішкі бағасы болса (domestic price), ал **Pf** — оның көрші елдегі шетелдік бағасы болсын (foreign price). Бұл бағалар валюта мөлшерін сипаттайды, осы ел үшін ұлттық және шетел мен осы елдегі тауар бірлігі үшін қойылған шетелдік баға. Ал бағалар қатынасы берілген тауарды алу үшін бір валютаны басқа валютаға айырбастайтын курс болып табылады.

$$S = \frac{Pd}{Pf}$$

- **Валюталық курс формалары:**

- 1) Байлаулы (бекітілген) валюталық курс**

*– заңнамалық тәртіппен анықталған валюталық паритеттерге негізделген ұлттық валюталар арасындағы ресми түрде қойылған қатынас. Ол келісілген шекте валютаның нарықтық курстарын (бір процент көлемінде) катаң түрде шектеу арқылы ұлттық ақша бірліктерінің құрамына тікелей алтын немесе АҚШ долларын бекітуге рұқсат етеді.*

## **Курсты бекіту түрлері мен типтері:**

**А) Курсты бекітудің ең қатаң формасы – *шетел валютасының бірлігі үшін отандық валютаның нақты бірлік мөлшерін қою***, және осы курспен экономикадағы барлық заңды мәмілелерді қанааттандыру.

**Б) Валюталық коридор (target zone).** Орталық банктер валюта курсы өзгеруінің жоғарғы және төменгі шекара қойып, курс бір шекарамен теңеспегенше баға қою процесіне араласпайды. Егер ол төменгі шекарасы болса, онда ОБ төменгі шекара курсы бойынша шетел валютасын сатып алуға шектелмеген тапсырыс береді. Егер курс жоғарғы шекараға жетсе, онда ОБ жоғарғы шекара курсы бойынша сатуға тапсырыс береді (алтын-валюталық резертер көлеміне байланысты).

- Егер ОБ-те резервтер жеткілікті болса, онда ол бағамды валюталық коридор аралығында ұстай алады, егер жеткіліксіз болса, онда коридор жоғарылап кетеді. Мысал: Ресей 1998 ж. тамыз айындағы дағдарысқа дейін.
- **В) Валюталық пег (pegged exchange rate) лас малту режимінде (dirty floating).** Берілген режим анықтама бойынша толығымен бекітілген валюталық курс режимі бола алмайды, өйткені ОБ келешек валюталық курсқа кепіл бермейді, бірақ, мазмұны бойынша, сондай болып саналады, өйткені ОБ курсты бірсыпыра деңгейде алтын-валюталық резертер операциялары есебінен ұстап тұруға мүмкіндігі бар (жиі бірнеше пайыз шектерінде тербелуге мүмкіндік береді). Пег мөлшері уақытымен өзгеруі мүмкін: **еңбектейтін пег (crawling peg).** Мысал: Ресей 1998 ж. тамыз айындағы дағдарыстан кейін.

## **2) Қалқымалы курстар:**

**А) Тербелмелі валюталық курс** – бұл биржалық сауда саттықта сұраныс пен ұсыныстың әсерінен қойылатын валюталық бағам.

**Б) Басқарылатын қалқымалы курс** – ол мемлекет белгілі бағытта валюталық курсты өзгерту мақсатында валюталық интервенциялар жүргізетін кездегі қалқымалы валюталық курс.

Валюталық курстын басқарылатын өзгерістері тұрақты тапшылықты немесе төлем балансының активті сальдосын жоюға мүмкіндік береді.

## **В) Қалқымалы валюталық курс -,**

валюталар жинағын (валюталық кәрзенкені)

немесе бөлек валюталар курстарының динамикасын ескеріп қойылатын тербелмелі валюталық курс.

## **Г) Валюталық курстардың таза қалқуы**

– бұл қалқымалы курстар жүйесі, ол кезде өкімет валюталардың нарықтық сұранысы мен ұсынысына әсер етпейді.

## **З) Валюталық кәрзенке индексі**

– негізгі сауда серіктерінің валюталық кәрзенкесінің негізінде есептелінетін экономиканың сыртқы бәсекеге қабілеттілігінің қорытынды көрсеткіші.